

УДК 323

Ғ. Есім,
ҚРҰҒА академигі, философия ғылымдарының
докторы, профессор, Л. Н. Гумилев атындағы
ЕҰУ философия кафедрасының меңгерушісі

ҚАЗАҚ ЕЛІ: ПӘН ЖӘНЕ БАҒДАРЛАМА

Аңдатпа

Бұл мақалада «Қазақстан – 2050» Стратегиясы аясында қазіргі Қазақстанның өзекті мәселелері талданады, «Қазақ елі» ХХІ ғасырдың инновациялық жобасы ретінде пайымдалады. Сондай-ақ, автор «Қазақ елі» ҚР ЖОО-да пән ретінде оқытуды ұсынады.

Тірек сөздер: «Қазақстан – 2050» Стратегиясы, «Қазақ елі», жоғары оқу орындарда оқыту.

Аннотация

В данной статье анализируются актуальные проблемы современного Казахстана в контексте Стратегии «Казастан – 2050», осмысливаются «Қазақ елі» как инновационный проект ХХІ века. Также, автор предлагает изучение «Қазақ елі» как дисциплина в вузах РК.

Ключевые слова: Стратегия «Казахстан – 2050», «Қазақ елі», преподавание в вузе.

Abstract

The article analyses actual problems of modern Kazakhstan in the context of the Strategy “Kazakhstan – 2050”, the notion “Kazakh Eli” is considered as innovational project of the ХХІ century. Also, author suggests to teach Kazakh Eli as a subject in the universities of the Republic of Kazakhstan.

Key words: Strategy Kazakhstan – 2050, Kazakh Eli, teaching in universities.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев жаңа оқу жылы басында халықаралық олимпиада, интеллектуалды ойындар мен ғылыми жобалардың жеңімпаздарымен кездескенде: «Биылдан бастап енгізілген «Қазақ елі» пәні аясындағы патриоттық сабақтың бірінші дәрісін сендермен өткізіп отырмын», – деді.

Биылдан бастап мектеп бағдарламасына «Қазақ елі» атты пән енгізілмекші. Бұл осал шаруа емес. «Қазақ елі» пәнінің оқытушылары кімдер, оқулығы даяр ма, тіптен Бағдарламасы кешенді түрде жасалды ма? Қай маман бұл пәнді толыққанды жүргізе алмақ, сірә, дереу кешенді түрде еліміздегі педагогикалық институттар «Қазақ елі» пәнін бере алатын мамандар даярлауға кірісуі қажет болар. Бұл гуманитарлық мазмұндағы пән, демек оған даярлығы бар мамандар да сол гуманитарлық, қоғамдық білім салаларынан шықпақ, әсіресе бұл жерде философтар, мәдениеттанушылар, әлеуметтанушылар және психологтардың бастары қосылып, бағдарлама жасаулары керек.

Қазақ елі – инновациялық пән. Ол Елбасының білім саласына енгізіп отырған **абсолютті инновациялық** идеясы. Бұл қазіргі күрделі де, анығын айтқанда, тығырыққа тірелген азаматтың шешілмеген проблемаларына жауап іздейтін пән. «Қазақ елі» пәнінің басты идеясы не болмақ дегенге келсек, ол «Қазақстан – 2050» Стратегиясында айтылған Қазақ елінің алдыңғы қатардағы 30 елдің қатарына қосылуы, осы мақсатты іске асыру үшін инновациялық деңгейде ойлау қабілеті бар жас ұрпаққа білім беріп, тәрбиелеп, буындар арасындағы сабақтастықты үзбей, бәсекеге қабілетті ел азаматтарын қалыптастыру. Бәсеке деген әншейін сөз емес, ол өмір сүру тәртібі, ол ақпараттық-постиндустриялық қоғам кезіндегі жаңа мәдениет, өркениеттік үрдіс екенін жас ұрпақ «Қазақ елі» пәні арқылы табатын құндылығы әрі қазынасы.

«Қазақ елі» пәні құрылымы туралы ҚР Білім және ғылым министрлігіне ұсыныстар:

1. **Қазақ елі туралы түсінік,** мемлекеттік рәміздер: ән ұраны, ел белгісі, байрағы, Елбасы
2. **Атамекен философиясы:** жері, дәстүрі, дүниетанымы, тұлғалары
3. **«Қазақ елі – 2050»:** Қазақстанның болашағы қазақ тілінде; Еліміздің Қазақ мемлекеті атануы; Латын әліппесіне өту – әлемдік өркениет үрдісіне ену; Бәсекеге қабілетті отыз елдің қатарына ену мақсатында үздіксіз жас ұрпақтар бойында инновациялық ойлау қабілетін кемелдендіру. Мақсат «Қазақстан – 2050» Стратегиясының саяси, мәдени, гуманитарлық, инновациялық мазмұнын ашу.

4. **Қазақ елі – акме-қоғам:** Жасыл энергия – Болашақ энергиясы; Әлемдік дағдарыс сыры; «Экспо – 2017»; Экономика және ізгілік; Акме-қоғам – ізгілікті қоғам.

Бірінші бөлім. «Қазақ елі туралы түсінік»

Қазақ елі – тың ұғым. Қазақ елінің авторы – мемлекет құрушы тұлға Нұрсұлтан Назарбаев, сондықтан да, оның Елбасы атануы табиғи жағдай. Ол Қазақ елінің – басы. Бұл тек тұңғыш Президентке ғана берілген дәреже. Бұл дәреже алдымен халық санасында әбден қалыптасып барып заңдандырылған, мемлекеттік ең биік лауазым. Елбасы деген Президент дегеннің синонимі емес, ол жеке, дара мәртебелі лауазым.

Ендігі сөз Қазақ елінің тарихы қай кезеңнен басталған дегенге жауап іздеу.

Біреулер Қазақ елінің тарихын XVI ғ. Қазақ Ордасынан бастаса, социалистік сана ыңғайындағылар Қазақ (Қырғыз) АССР-інен немесе Қазақ ССР-інен бастауды ұсынулары мүмкін.

Екіншілері, ҚазССР-ның Декларация қабылдаған 1990 жылдың 25 қазанынан бастау керек деген уәж айтады.

Үшіншілері, 1991 жылдың 8 желтоқсанында Беловеж орманында үш ел Ресей, Белоруссия және Украина басшылары кездесіп, Беловеж келісіміне қол қойғаннан кейін КСРО-ның тарқауына қатысты айтса, төртіншілері, КСРО-ның соңғы президенті Михаил Горбачевтің 1991 жылдың 25 желтоқсанында бүкілодақтық телевидение арқылы өзінің президенттік биліктен түскені туралы жариялаған күнінен бастауды жөн көрмек.

Бесіншілері, Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 1991 жылдың 16 желтоқсанындағы тәуелсіздік туралы Жарлығынан бастауды ұсынады.

Менің айтарым, **Қазақ елінің тарихы 1991 жылдың 1 желтоқсанындағы Президенттік сайлаудан басталады демекпін.** Әрине, бұл мәселелерді кеңінен ойластырып, ақыл қоса келіп ортақ шешімге келген жөн.

1991 жылы 1 желтоқсанында Қазақ елінің тарихында бұрын-соңды болмаған, теңдесі жоқ оқиға болды. Ешқашан да қазақ халқы өз еркімен, өзінің ішінен қазақ нәсілінен президент (хан, патша, көсем) сайлап көрмеген. Бұл мәселені тарқата айтсам, сонау ерте замандарда Тәңір құты атанған Түркі қағанатының билеушілерінен кейін кең байтақ Дешті Қыпшақ мемлекетінен (XIII ғ.) кейін қазіргі қазақтардың ата бабалары ел билігін Шыңғыс ханның ұрпақтарына берді. Қандай асыл, кемеңгер ұлдар хан болып сайлануға құқы болмады. Билікте тек Шыңғыс хан ұрпақтары болды, оны қазақтар «төрелер» деп атады. Мүмкін, бұл сол замандар үшін, билік үшін тиімді дәстүр болған шығар, оған таласым жоқ. Бірақ, билікке сайлануға тегіс жұрттың құқы шектеулі болғаны анық.

Одан бергіде қазақ халқы Ресей бодандығына түскен дәуірде қазақтардың негізінен атқарған жұмыстары болыс (волостной старшина), ауылнай (ауылный старшина), біраз уақыт аға сұлтан деген институттар болды, кейбір қазақтар әскери полковник шеніне шейін көтеріліп, советник деген дәрежеде қызметтер атқарды. Қазақтарды уезд басқаруға губерния басқаруға мүлдем жібермеді, тек кейін Мемлекеттік думаға азын-аулақ қазақтар сайланды.

Қазақтар негізінен болыстық қызмет атқарды. Ол туралы хакім Абай: «Ұрысса орыс, елге болыс, үйден үрген итке ұқсап» деген мінездеме берген.

Кеңес заманында Қазақстандағы барлық басшыларды реттеп, сұрыптап, қызметтерге тағайындап отырған Мәскеудегі саяси орталық болды. Ел басқарған қазақтар Жұмабай Шаяхметов, Дінмұхамед Қонаевтарды сол орталық бекітіп отырды.

1991 жылы қазақ халқы тұңғыш рет өз ішінен Президент сайлады. **Бұл Қазақ елінің тарихының басы.** Халық өз еркімен, өз қалауымен президент сайлады, халық сайлау ісіне тегіс жұмылды, сайлау демократиялық түрде өтті, сайлауға халықтың 90 аса пайызы қатысты. Халық еркі («воля народа») заңнан биік. Заң дегеніміз халық еркін формализацияға түсіретін тәсіл, дәстүр. Халық еркі заң түрінде алғашқы Президенттің жарлығымен 1991 жылы 16 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық заңымен шықты. Тұңғыш президент сайланды, ол халық қалауымен болған Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. Бұл, жоғарыда айтқандай, бұрын-соңды болып көрмеген тарихи оқиға.

Қазақтың ғасырлар бойғы арманы, қиялы саяси шындыққа айналды, егеменді ел атанды. Тәуелсіздік, егемендік деген ұғымдар санаға сіңе бастады. Ел болу үрдістері басталды. Мемлекет және оның институттары, Үкімет жүйесі, Парламент жүйесі қалыптасты. Ел болудың аса маңызды мәселесі ол мемлекеттің рухани қуаты. Бұл жөнінде Тұңғыш Президенттің «Мәдени мұра» деген бағдарламасы іске аса бастады (2003 жыл). Бағдарламаға сай, қазақ

халқы өзінің жоғалтқан рухани құндылықтарын, ұмыт болған тарихи тұлғаларын, тоналған мәдени жәдігерлерін жинастырумен мемлекеттік деңгейде шұғылдана бастады.

Осы кезде ескі маркстік-социалистік, кеңестік санадан жаңа егеменді, тәуелсіз елдің азаматтарының санасына өтудің аса күрделі мәселесі бой көрсетті.

Бұл мәселе бүгін де дертті. Қоғамдық сананың екі ерекшелігі бар, бірі сананың болмыстан алға кетуі, екіншісі сананың консервативті болуы. Қазақ елінде осы екі үрдіс бірге өмір сүруде.

Философиялық білімде, сананың шартты түрдегі дербестігі деген ұғым бар. Сананың болмыстан не қалып, не асып кететін дербестігі ғылымда белгілі мәселе. Олай болса ел болу мен елдік сана арасында алшақтық бар ма, болса ол қалай көрініп отыр дегенге жауап іздеу, бүгінгі қоғамдық білімдердің басты мәселесінің бірі деген пікірдемін. Елдік сана өлшемі – Қазақ елі мәңгілік деген ұғыммен анықталмақ, бірақ осы идеяның жүзеге асуының технологиясы қалай дегенде, кімдерге ұқсап елімізді мәңгілік етуіміз қажет дегенде үлгі іздеушілік те бар, менің ойымша, үлгі іздегеннен гөрі, өркениетті елдердегі үрдістерді сабақ ретінде алып, өз жолымызды анықтасақ деген ой дұрыстығын Қазақстанның өзіне тән өркениеттік тыныс-тіршілігі анық байқатып келеді. Араб елдеріндегі үрдісті үлгі ретінде ала аламыз ба? Вестерндік не дәстүршілдік, қайсысы бүгінгі қоғамда доминанттық жағдайда? Дәстүршілдік қоғамның қуаты қандай? Дәстүрлі қоғамдық үрдістермен өркениеттік межеге жете аламыз ба?

Жаңа жол – қазақстандық жол, ол қандай болмақ? Шетелдіктер айтып жатқан қазақстандық жол, ол қандай жол. Еуразиялық өлшем нендей мақсат-мұраттарды аша алмақ. Ойлану керек.

Екінші бөлім. «Атамекен философиясы»

Ұстаз Ыбырай «Қазақ халқы азбаған, табиғи тазалығын сақтаған халық» деген биік ой қалдырған. Халықтың төл тазалығы неде деген сауалға жауап издесек, айтарым, қазақтар ата-бабалары ғұмыр кешкен, олардың қаны мен тері төгілген қасиетті жерден қандай қасиретті замандар болса да ауып ешқайда кетпеген. Халықтың осындай теңдесі жоқ ерлігінің заты да, аталуы да **Атамекен** деген бір сөзге сифан.

Атамекен халықты аздырмаған, тазалығын сақтаған. Киелі топырақ, қасиетті Жер, Су қазақтардың рухани дүниесін де үнемі тазартып отырған.

Атамекен халқымыздың – ділі. Әлемде атамекенсіз өмір сүріп жатқан халықтар, мемлекеттер бар. Қазақтардың жерұйығы, оның атамекені.

Қазақ елі дегенде, оның субстанциясы – атамекен деу ата-бабалар алдындағы парызымыз. Атамекен қазақтар үшін сакралды ұғым. Атамекен отандық тарихтың басы. Атамекені бар елдің отандық тарихы бар.

Қазақ елі – отандық тарихы бар мемлекет. Ежелгі қазақтардың отандық тарихы сақ дәуірінен басталғанын ғалымдар, зерттеушілер айтып та, жазып та жүр.

Ежелгі қазақтар да, олардың мемлекеттері де әр заманда әрқилы аталып келген: сақтар, ғұндар, түркілер, оғыздар, қыпшақтар, үйсіндер, қаңлылар, дулаттар, наймандар, арғындар, ноғайлылар т.б. Осылай мемлекеттер, елдер аталған, бірақ бұлардың бәріне ортақ тілі, мәдениеті, дүниетанымы, дәстүрі болған. Ата-бабаларымыз тегі түркі, діні ислам.

Осы екі құндылықты біртұтас сенімге айналдырған заманының кемеңгер теолог-ойшылы Құл Қожа Ахмет Иассауи. Ол «Дәптер сани» атты хикметтерінде (даналық ойларында) ислам дінінің басты қағидаларын түрік тілінде жазған. Халқымыздың табиғи тазалығына сай ислам құндылықтарын түркі тілінде сөйлеткен. Осы мағыналы дәстүр қазақ жерінде «Қазан төңкерісіне» дейін жеткен.

Ата-бабаларымыз сан ғасырлар бойы мұсылман жұрты болып ғұмыр кешкен, табиғи тазалығын сақтаған, себебі олар (түрік тайпалары) өзгелердің жетегіне ермеген, төл қалпын ұрпақтан-ұрпаққа мұра етіп қалдырып отыруды ұлы дәстүр деп түсінген.

Табиғи тазалық басы – білімде, арам шөптей надандық қаулап өскен жерде халықтың тазалығы болмақ емес. Білімге құмарлық IX-X ғасырда өмір сүрген дана Қорқыттан басталған. Оның «Қайда барсаң Қорқыттың көрі» деген өмір сүру формуласы, ақиқаты бүгінгі заманға жетті. Мұны біз бүгінде **өмір философиясы, өмір сүру философиясы** деп XX ғасырдағы Батыс ойшылдары Ницше, Сартр, Камюлардың ой-пікірлерімен жарыстыра, салыстыра талдаймыз, бірақ бұлардың арасында 10–11 ғасыр жатқанын ескерген жөн.

Атамекен ол киелі топырақ, қасиетті жер, су, сонымен қоса, ол ата-бабаларымыздың тамаша философиясы.

Қазақ елінің бүгінгі философиясының бастау бұлағы Атамекен философиясы, оның бізге есімдері қанық болып жеткендері сақ ойшылы Анахарсис, дана Қорқыт және Құл Қожа Ахмет Иассауи, бертін келе Шымкенттен шыққан теңдесі жоқ ойшыл әл-Фараби және XIX ғасыр хакімі Абай. Әрине, есімдері жаңадан ашылып жұртқа белгілі болып жатқан ғұламалар жеткілікті, мәселе оларды оқып, танып білуде.

Қазақ елі – атамекен Ренессансы.

Үшінші бөлім. «Қазақ елі – 2050»

Қалыптасқан мемлекеттің «Қазақстан – 2050» Стратегиясында Елбасы әрбір қоғамдық-саяси, әлеуметтік істерге араласатын белсенді жастар алдында болатын он қауіп-қатерді саралап айтты, олар:

1. тарихи уақыттың жеделдеуі;
2. жаһандық демографиялық теңгерімсіздік;
3. жаһандық азық-түлік қауіпсіздігіне төнетін қатер;
4. судың тым тапшылығы;
5. жаһандық энергетикалық қауіпсіздік;
6. табиғи ресурстардың сарқылуы;
7. Үшінші индустриялық революция;
8. үдей түскен әлеуметтік тұрақсыздық;
9. өркениетіміз құндылықтарының дағдарысы;
10. жаңа әлемдік тұрақсыздық қаупі.

Осы он қауіп-қатер адамзат тарихындағы айтулы проблемалар. Олар әрбір мемлекет, әрбір ел, халық, тіптен әрбір адамға қатысты. Бұл он қауіп-қатер күллі адамзатқа ортақ. Оларды ескермей, тәрбие, білім, ғылым, технологияда межелік табыстарға жету мүмкін емес.

Стратегияда Елбасы 2050 жылға дейінгі жеті міндетті анықтаған, олар:

1. Экономикалық прагматизм.
2. Кәсіпкерлікті жан-жақты қолдау.
3. Әлеуметтік кепілдіктер мен жеке жауапкершілік.
4. Кадрларды даярлау мен қайта даярлау жүйесінің негізгі бағдарлары.
5. Қазақстандық демократияны дамыту.
6. Өңірлік және жаһандық қауіпсіздікті нығайту.
7. Жаңа қазақстандық патриотизм.

Осы мақсаттар орындалғанда қандай заман, дәуір болады десеңші. Есепсіз білім, түпсіз ғылым, тежеусіз технология адамзат санасын қандай биіктерге әрі қатерлерге жеткізбек. Қазақ елі қандай болмақ, азаматтары ше?

Жолдауда Елбасы «**Олар үш тілде сөйлейді**» – дейді. Терең мағыналы түйін. Үш тіл деген – үш құндылық, үш дүниетаным және үш мәдениет. Бүгінде оларды тегіс меңгеруге қолымыз жетпей отырғаны анық. Сондықтан, бұл мәселені жалаң саясатқа, дерексіз дүниетанымға, жалған мәдениетке айналдырып алып жүргеніміз жоқ па? Үш тілді бірдей меңгеру азаматтардың тұлғалық қасиетін анықтаушы феномен.

Орта ғасырларда түрік зиялылары (түркітілдес халықтардың зиялылары деп түсініңіз – F.E.) үш тілде сөйлеген. Билікке қатысты **түрікше**, поэзияға қатысты болса – **парсы**, ал философияға, дінге, дүниетанымға қатысты әңгімелер болғанда, зиялылар **араб тілінде** сөйлеу дәстүрі болған. Бұл Абай өмір сүрген заманға дейін жеткен. **Хакім Абай бес тілді білген: қазақ, түрік, орыс, парсы және араб тілдері.**

Үш тілге өту үшін білім беру саласында реформа қажет. Бір ел – бір мектеп деген стандартты іске асыру қажет. Айтпағым, 1–4 сынып оқушылары толығымен мемлекеттік тілде білім алуы қажет, қазіргі этностық негізде құрылған мектептер ортақ мемлекеттік оқу стандарты бойынша жүргізілуі қажет. 5-сыныптан жоғары қарай оқу стандарты үш тілдік негізде болғаны табиғи жағдай. Осындай шараның негізінде қоғамдағы «**орыс тілділер**», «**қазақ тілділер**» деген жағдай жөнге келеді. Бұл істің қазіргі кезде үлгісі де жоқ емес. Ол Қазақ-Түрік лицейлеріндегі оқыту жүйесі. Бұл лицейлерді тәмамдаған шәкірттер қазақ, орыс, түрік және ағылшын тілдерінде еркін сөйлеп, қызмет атқара алады.

Енді «Қазақстан – 2050» Стратегиясында қандай басты мәселелерге тоқталу керек дегенге келсек, төрт мәселеге аса назар аудару қажеттілігі бар.

Бірінші «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» деген мәселе.

«Қазақ тілі 2025 жылға қарай өмірдің барлық саласында үстемдік етіп, кез келген ортада күнделікті қатынас тіліне айналады.

Осылай тәуелсіздігіміз бүкіл ұлтты ұйыстыратын ең басты құндылығымыз – туған тіліміздің мерейін үстем ете түседі.

Тәуелсіздігін алған тұста еліміздегі қазақтың саны **6,8 миллион** немесе **41%** болса, қазір **11 миллионға** жетіп, **65 %-дан** асты.

Қазақтың саны 4 миллионға артты.

Егер әрбір қазақ ана тілінде сөйлеуге ұмтылса, тіліміз әлдеқашан Ата Заңымыздағы мәртебесіне лайық орнын иеленер еді.

Қазақ тілі туралы айтқанда, істі алдымен өзімізден бастауымыз керектігі ұмыт қалады.

Ұлттық мүддеге қызмет ету үшін әркім өзгені емес, алдымен өзін қамшылауы тиіс.

Тағы да қайталап айтайын: **қазақ қазақпен қазақша сөйлессін.**

Сонда ғана қазақ тілі барша қазақстандықтардың жаппай қолданыс тіліне айналады.

Тілге деген көзқарас, шындап келгенде, елге деген көзқарас екені даусыз» – деп Елбасы мәселені нақтылы саралап берді.

Екінші Қазақ мемлекеті туралы мәселе.

Елбасы Стратегияда: «Қазақ тілі Қазақстан халқын біріктіруші болуға тиіс және қазақ тілі жаппай қолданыс тіліне айналып, шын мәніндегі мемлекеттік тіл мәртебесіне көтерілгенде біз елімізді қазақ мемлекеті деп атайтын боламыз» – деді. Бұл жаңалық, бұрын айтылмаған тұжырым.

Қазақ мемлекетінің тағдыры халықтың демографиясы мен тіліне тікелей қатысты. Бір кездері қазақ халқы этнодемографиялық құлдырауға түскен.

Біз мәңгілік ел атануға мықты қадамдар жасадық. Оның тарихи мәнісіне тоқталсақ, айтарым, Ахмет Байтұрсынов 1913 жылы «әлхамдулла, біз қазақ халқы алты миллион болдық» – деген еді, ал 1959 жылғы санақ бойынша қазақтар екі миллион 600 мың ғана болды. 3 млн 400 мың қазақ ел ауды, аштықтан қырылды, зиялы қауымы тегіс дерлік репрессияға ұшырады.

Елбасының: **«Біз болашаққа көз тігіп, тәуелсіз елімізді «Мәңгілік Ел» етуді мұрат қылдық»** – дегені әр қазақтың арманы емес пе?

Елбасы бұл идеясын нақтылап, **«Мен ХХІ ғасыр Қазақстанның «алтын ғасыры» боларына сенемін»** – деген жүрекжарды сөзіне қосыла сенетінімізді қалайша айтпасқа, қалайша мақтан тұтпасқа!

Жолдауда мынандай тұңғыш рет айтылған ой-тұжырымдары бар, олар: **«Бәріміз бір атаның – қазақ халқының ұлымыз», «Бәріміздің де туған жеріміз біреу – ол қасиетті қазақ даласы», «Бұл дүниеде біздің бір ғана отанымыз бар, ол – Тәуелсіз Қазақстан».**

Қазақтың қанының бірлігі туралы Жолдауда тұңғыш рет айтылды. Қазақ қаны бір халықпыз, демек бізге өткен тарихымыз, бүгінгі көрікті күніміз және үмітті болашағымыз – бәрі ортақ.

Отандық ғылымда жаңа түсініктер, ұғымдар енді, олар: «қаны бір қазақ», «қазақтың алтын ғасыры», «қазақ мемлекеті», «мәңгілік ел», «қасиетті қазақ даласы», «қазақ халқы ұлы тарих иесі», «ұлттың генетикалық коды», «ел бірлігі», «қазақтың бірлігі – шежіре бірлігі».

Жолдауда қазақ болу идеясы бой көрсетіп тұр. Қазақ деген азаматтық ұғым. Қазақ елінің азаматтары – қазақтар деген идея. «Қазақстан – 2050» бағдарламасы нәтижесінде осы идея жүзеге аспақ. Қазақ елінің азаматтарының қазақтану процесі басталмақ.

Үшінші латын әліппесіне өту жайлы мәселе.

2025 жылы латын әліппесіне өту де осы мәселеге қатысты өркениеттік қажеттілік. Жолдауда бұл мәселе ретінде тұңғыш рет айтылды. Латын әліппесіне өту келешек ісі болғанымен, оған даярлық жұмысы бүгіннен басталмақ.

Латын әліппесіне өту аспаннан түсетін құбылыс емес, ол даярлықты, білімділікті, ғылыми сәйкестілікті, мәдени қажеттілікті, тіптен өркениеттілікті қажет ететін жағдай. Бұл өркениеттік үрдіс. Латын әліппесіне өту үшін қоғамда рухани келісім қажет. Латын әліппесіне қоғамдық қажеттілікті туғызу да орынды іс болмақ.

Төртінші инновациялық ойлау жүйесі туралы мәселе.

Президент Нұрсұлтан Назарбаев 2012 жылғы 14 желтоқсанда «Астана операсында» сөйлеген сөзінде инновациялық ойлау деген тың ұғымды қолданды. Жолдауда «Жаңа технологиялық толқын жолына жармасып, абсолютті инновациялар жасау барлық елдің қолынан келе бермейді. Біз осыны жете түсінуге тиіспіз» – дей келе Елбасы, «Біз – жас ұрпақпыз және бұл біздің қолымыздан келеді», – деп ойын түйді.

Елбасы инновация дегенде оны нақтылап, жас ұрпаққа абсолютті инновация қажет екенін айтып отыр.

Сонда абсолютті инновация деген не?

Алдымен инновация деген түсінік мәнісіне назар аударсақ, ол лат. «novatio» – «жаңару» немесе «өзгеру», лат. «in» – «бағытта», «Innovatio» – «өзгеріс бағытында» деген мағынада айтылатын сөз.

Инновациялық ойлау, демек жаңаша ойлаудың бағытын білдіретін ұғым. Мәселе тек жаңалықта ғана емес, оның бағытында. Жаңалық қозғалыстың бағытын анықтайтын түсінік. Қандай болмасын ілгерілеген, яғни алға қадам басқан қозғалыс – жаңалық. Оның үш өлшемі бар: жаңа идея, жаңа іс және жаңа нәтиже. Елбасы абсолютті инновация дегенде тез арада қабылданып, іске асатын жаңалықты айтып отыр. Жаңалықтың жылдамдығы деген айтулы проблема. Жаңалықтың жылдамдығының индикаторын белгілеу бүгінгі ақпараттық заманда басты мәселе. Қандай болмасын жаңалықты қабылдап алып заман шапшандығына сай іске асырып, нәтиже алу.

Жаңалық жылдамдығы дегенде тағы екі істің мәнісі айқындалмақ. Әлемдегі (ілгері өркениетті елдердегі) бар жаңалықты шапшандықпен қабылдай білу. Жаңалықты тану, сөйтіп, оны білім, ғылым, ең бастысы технологияға айналдыру. Егер, бұл үрдісте жылдамдық болмаса, біз үнемі ескі технология құрсауында қалмақпыз. Ол жаңалықтың бізге ескіріп жетуі деген сөз, сондықтан **технологиялық, ғылым парктері** осы мәселемен айналысуы заман қажеттілігі. Ескі технологиядан инновациялық ойлау шықпайды. Өткен кеңес заманында жағдай үнемі осылай болып келген, соның зардабын бүгінгі ұрпақ шегуде.

Екінші мәніс, абсолютті инновацияны өзіміз жасай алатын халге жету керек. Ол үшін Білім саласы, Ғылым арнасы тегіс, түгелімен өзгеруі қажет. Қазіргі білім беру стандарттары консервативті, икемсіз, бюрократиялық жүйеге негізделген, мұндай халден тез арада арылмасақ, абсолютті инновация сөз ғана болып қалмақ.

Осы тұста грек ойшылы Зенонның апориясы (гр. «απορία» – қиындық) есіме түсіп отыр. Ахиллес тасбақадан он есе жылдам жүгіреді делік және ол тасбақаның артында мың қадамдық қашықтықта орналасқан. Осы қашықтықты Ахиллес жүгіріп өткен уақытта, тасбақа тағы да жүз қадам алға жылжиды. Ахиллес жүз қадамды жүгіріп өткенде, тасбақа тағы он қадамға жылжиды, және тағы солай. Бұл үрдіс шексіз жалғаса береді, ал Ахиллес тасбақаны ешқашан қуып жете алмайды.

Бұдан шығатын қорытынды, біз 2050 жылы әлемдегі озық отыз елдің қатарына өту үшін, олардың (қазір біз елу елдің қатарындамыз) соңынан жүріп отырсақ, ешқайсысына жете алмаймыз, біз олардың соңынан ермей, айналып өтіп барып алдарына түсуіміз керек. Елбасының абсолюттік инновация дегенде қойып отырған мәселесі осы.

Жаңалықтың жылдамдығын қазіргі заманда **ой жылдамдығымен** өлшеу қажет, басқа амал жоқ. Ақпараттық, биік технология заманы бізге тек қана осы өлшемді, яғни ойлау жылдамдығын ұсынып отыр. Атам қазақ айтушы еді: «көңіл жүйрік пе, көк дөнен жүйрік пе» – деп. Көңіл дегенді сана деп есептей беріңіз, бұл **біріншіден**.

Екіншіден, жаңалықтың жылдамдығының мәні – оның технологиялық процеске енуі немесе жаңалықтың өзінің технологияға айналуы. Бұл инновациялық ойлаудың аса маңызды өрісі. Жаңа білім, ғылымның технологияға айналу қарқыны, және оның қандай тәсілдермен айналуы мәселенің мәселесі. Бұл білім, ғылым және технологияның бірлігін қажет ететін жағдай. Бұл үшеуі кеңес заманында жеке-жеке өрістерде болды. Инновациялық қазіргі заманда олардың жеке-жеке болуының ешқандай мәнісі жоқ. Мәселе, үшеуінің бірлігінде ғана емес, ең бастысы, олардың бірінен-біріне қандай жылдамдықпен өтуінде. Іркілістерге жол болмауы, тежеуші күштер болса, олардан арылудың жолдарын шұғыл қарастырылуы керек. Бұл инновациялық ойлаудың басты талаптарының бірі.

Үшіншіден, тез нәтиже керек. Уақыт жағынан созылмалы болатын нәтижелер ескіріп қалуы әбден ықтимал, себебі әлемдік кеңістіктегі инновациялық ойлау нәтиже алу үшін уақыт созылмалығын күттірмейді. Кешігіп алынған нәтиже, нәтиже болмай қалады, яғни нәтиженің сапасы жойылады. Сөйтіп, ескі технологияның шырмауында қалу мүмкіндігі туады. Бұл инновацияға жатпайтын консервативтік ойлау.

Астанадағы Тәуелсіздік сарайында 2012 жылғы 25 желтоқсанда 2012 жылдың екінші жартыжылдығындағы индустрияландыру картасында белгіленген инвестициялық жобалардың тұсаукесеріне арналған жалпыұлттық телекөпірде сөйлеген сөзінде Президент осы мәселені нақтылап берді.

Қазіргі күні көптеген алдыңғы қатарлы елдерде кластерлердің жаңа толқыны – инновациялық кластерді қалыптастыру ісі белсенді түрде басталып кетті. Өсімнің негізгі драйверлері **өнеркәсіптік кәсіпорындар емес, инновациялар мен білім орталықтары – университеттер, технологиялық және инженерлік ұйымдар**. Осы арқылы **бизнес, университеттер мен мемлекеттің** өзара байланысуының «үш сипатты спиралі» құрылады.

– Осындай спиральді Қазақстанда да құру қажет. **Дәстүрлі әкімшілік жүйе бұл міндетті жүзеге асыруда әлсіздік танытуда**. Ең осал жүйе әкімшілік болып тұр. Сондықтан кластерлік дамуды қалыптастыруды жаңаша ұйымдастыру талап етіледі, – деді Елбасы.

Төртіншіден, инновациялық ойлау тек сапалы нәтижені ғана қажет етпек. Сапасыз нәтиже инновациялық ойлау емес. Инновациялық ойлау дегеніміздің өзі – сапа, онсыз дамыған отыз ел қатарына ену мүмкін емес.

Бесіншіден, айтпағым, инновациялық ойлауда коррупцияға орын жоқ. Коррупция инновациялық үрдістерге еңсе, ол өз мән-мағынасын жоя бастамақ. Инновация жаһандық креативтік ресурс, оған аса құрмет қажет, оған жол басталды, ол «ЭКСПО – 2017»-ге даярлық жұмысы. Бұл Қазақ елінің тарихында бір-ақ рет болатын оқиға.

Қорыта айтқанда, «Қазақ елі – 2050» тұжырымдамасының бірінші түйіні Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде, екіншісі – қазақ мемлекетін қалыптастыру, үшіншісі – латын әліппесіне өтіп, өркениет үрдісіне ену, төртіншісі – бәсекеге қабілетті отыз елдің қатарына ену мақсатында жас ұрпақ бойында инновациялық ойлау қабілетін жетілдіру іс-шаралары.

Төртінші бөлім. «Қазақ елі – акме-қоғам»

Қазақтың «малым жанымның садағасы, жаным арымның садағасы» – деген пәлсапасы бар. Үш ұғым: мал, жан және ар. Мал деген тұрмысқа қатысты қолданылатын экономикалық мағынадағы ұғым. Арабтар ал – мал деп капиталды айтады. Жан адамның тіршілігінің мазмұны, психологиялық, философиялық ұғым. Ал, Ар деген ізгіліктің субстанциясы.

Орыстың тамаша ақыны Михаил Лермонтов былай дейді.

Я не хочу, чтоб свет узнал
Мою таинственную повесть.
Как я любил, за что страдал,
Тому судья лишь Бог да совесть.

Абай осы өлең шумағын былай аударған:

Менің сырым, жігіттер, емес оңай,
Ешкімнің ортағы жоқ, жүрсін былай!
Нені сүйдім, дүниеде неден күйдім,
Қатысы оның – арым мен бір-ақ Құдай!
(Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы.

– Алматы «Жазушы», 1995. – Т.2: Аудармалар мен қара сөздер. 40-б.)

Екі ақын да Ар мен құдайды қатар айтып отыр. Сонда ардың Құдаймен теңдесетіндей қандай құдіреті бар. Әлде ар деген Құдайдың адам-затқа берген бағасы ма екен? Немесе, Ар деген адамды Құдайына бастайтын жолы ма екен?! Ар таза діни сана ма екен?! Арсыз дін түсінікті ме?! Ақындардың айтысына қарағанда, Ардың тікелей Құдайға қатысы жоқ. Ар адамға қатысты және оның өз соты болып тұр. Құдай құратын «сотқа» дейін, адам өзінің арының алдында жауап бермек. Адамның ісінің ақ-қарасы өзінің Арының алдында анықталмақ. Осындайға әр адам бара ала ма? Әр адамның ары оянып, оның істеріне төреші бола ала ма? Ары оянбаған адамның дін жолына түскенінен не қайыр?! Ары оянбаған жанның шексіз байлық иесі болғаны не қайыр! Абайдың «имани гүл» деп аталатын концепциясы, осы ар білімінің негізі емес пе екен деген ойға келіп отырмын. Ол Жаратушыны сүюді, адам-затты сүюді, әділеттілікті сүюді орындап барып дін жолына түсуді өсиет еткен. Осы үш сүюді Абай «имани гүл» дейді. Әрине, бұл ғылым тілінен гөрі, метафоралық мәнге жақын түсінік, бірақ терең ұғымға бастайтын – идея. Мәселе шешімі қиын. Шәкәрім сондықтан болар, Ар білімі деген арнайы білім жүйесі қажет деген. «Қазақ елі» пәні жүйесінде Ар білімі оқытылса керек деймін.

«Жасыл экономиканың» дүниетанымдық мәнісі неде деген сауалға келсек, айтарым, адамзат баласының адасып, адасып, ең ақырында адамша өмір сүру тәртібіне өтуі демекпін. Адамша өмір сүру дегеніміз қара жерге қиянат жасамай, оның және ғарыштың (әлемнің десе де болғандай) баршама нығметтерін (байлықтарын, кереметтерін) өмір сүруге пайдалану. Өмір сүру дегеніміз қоршаған ортадан энергия алу. Оны қазақ лексикасына салсақ, жылыну және өзге де технологиялық сансыз қызметтерге қажетті құрал есебінде пайдаланылатын – қуат. Осындай мақсатта біз ағашты отын еттік, көмірді жағудамыз, мұнайды транспортқа есепсіз қолданудамыз, мұның бәрі «жасыл экономика» тұрғысынан алғанда «лас технология». Энергияның таза «бұлақтары» бар, олар **күн, жел, су, жер**. Күннің жылуы есепсіз, тек оны тиімді тәсілдер арқылы ала біл, оған білімің, технологияң жетуі керек. Желді пайдалану да солай. Ал, қазіргі «лас технология» деп отырған кен көздерін залалсыз, қалдықсыз технология арқылы тауарға айналдыру әлдеқалай пайдалы. Оны заманында Дмитрий Иванович Менделеев «Сжигать нефть, все равно, что топить печку ассигнациями», – деген еді. Мұнай өнімдерін жағу, ақшаны жағып энергия алу. Тауарға айналатын мол қазынаны біз жағып қана қоймай, қоршаған ортаны ластап келеміз, мұны тоқтататын кез жеткеніне, әсіресе Батыс ғалымдары нақтылы дәлелдер келтіріп қана қоймай, жасыл экономиканың үлгілерін де ұсынып үлгерген. Қазақ елінде 2017 жылы өтетін «Экспо-2017» көрмесінің басты тақырыбы «Жасыл экономика». Астана қаласында жуырда өткен VI Экономикалық Форумда сөз сөйлеген Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев былай деді: «Біздің қазір Жаңа саяси бағыт – «Қазақстан – 2050» Стратегиясын белгілегенімізді білесіздер, деп жалғады сөзін Елбасы. Бұл Стратегияның басты мақсаты – Қазақстанды әлемнің ең дамыған 30 елінің біріне айналдыру. Бұл даму өскелең инновациялық экономикаға және әлеуметтік қағидаттарға негізделетін болады. Бұл реттегі Елбасы **«Экономика – энергетика – экология»**, келешек осы үш негізде дамуы керек. Бұл – алыста сағым қуған елес емес, нақты адамзаттың жоғары сұраныстарына негізделген ақиқат.

Өткен жылы Рио-де-Жанейро саммитінде мен ұсынған Жаһандық энерго-экологиялық стратегия туралы бастама және «Жасыл көпір» жоспары әлемдік қауымдастықтың қолдауына ие болды, – деді одан әрі Елбасы. «Жасыл» энергетикаға көшу және «жасыл» технологияны өндіріске енгізу – бұл жаһандық экономиканың дамушы векторы. Қазақстан табиғаттың қазба байлықтарына, оның ішінде көмірсутегі кен орындарының көптігіне қарамастан, болашақта балама қуат көздерін дамытуды белсенді жүргізуге мүдделі. Біздің «Қазақстан – 2050» Стратегиямызда нақ осындай келелі міндеттер қойылған. Біз алдағы уақытта «жасыл жарақтандыруға» жыл сайын ұлттық ЖІӨ-нің 2 пайызы көлемінде қаржы жұмсамақпыз. Енді төрт жылдан кейін Астанада ЭКСПО – 2017 Бүкіләлемдік көрмесі өтеді. Біз оны «Болашақтың энергиясы» ұранымен өткізетіндігіміз де тегін емес. Мен төрткүл дүниенің барлық аумағындағы іскер топтарды ЭКСПО –2017-ні дайындау және өткізу жұмыстарына белсене қатысуға шақырамын» («Жаһандық дағдарыстан шығу жолдарын іздеген жиын». «Егемен Қазақстан» газеті. 24.05.2013).

Сонымен, мәселе «үш Э»-да болып отыр. Экономика, Энергетика және Экология. Енді осы жағдайға тоқталайық. Экономика дегенде сөз сөйлеушілер сонау Адам Смит, Карл Маркс, одан да кейінгілер негізінен экономистер болып келді. Бүгінде 60-тан астам экономика санасының мамандары (немесе экономикаға әсер еткен өзге білім саласының адамдары, әсіресе математиктер) Нобель сыйлығының иегерлері. Бір сөзбен айтқанда, маман-экономистер қай елде болмасын жеткілікті. Бірақ экономика және қаржы жүйесі терең дағдарыста. Сырқатқа неше түрлі диагноздар қойылуда, алайда әмбебап ем табылмай отыр. Нобель сыйлығының иегері Роберт Манделл Астана Форумында сөйлеген сөзінде екі рет қазіргі дағдарыстың түпкілікті себебі анықталмаған деген түйін жасады. Бұл әлемдік деңгейдегі білікті маманның сөзі. Сыры неде? Дерттің себебі неде?

Сірә, экономика құпиясы тек экономистер қолында ғана болмаса керек. Экономика деген адам үшін, оның немесе олардың қауым, қоғам, ел, жұрт, мемлекет, аймақ болып өмір сүрулерінің тәртібі, тәсілі, амалы. Экономика адам нәпсісі толассыз талаптар қоя бастауын тоқтатудың орнына оны қоздырушы, ынталандырушы, оның өрістеріне жол ашушы, сөйтіп, ешқашан толастамайтын, тоқтамайтын, тежеусіз тасқынға айналған. Себебі, пайда деген бар, пайда көзі деген бар, оның атам қазақ баяғыда мақалдап айтып қойған: «кедей байға жетем десе, бай құдайға жетем демек». Міне, масқара осы тұста басталмақ, кедейдің байға жетпек болғаны дұрыс, құптарлық ынта. ХІ ғасырда жарық көрген Махмұт Қашқари сөздігінде мынандай мақал бар: «Қырық жылда кедей бай болады, бай кедей болады» – деген. Мейлі,

бай кедей болмай-ақ қойсын, анығы, кедейдің бай болу мүмкіндігі бар. Атам қазақ балаларына ат қойғанда осы дәстүрді берік ұстанған, бай деген ұғымды қастерлер Жұма-бай, Дүйсен-бай т.т. қосып отырған. Бұл ізгілікті ынта кеңес кезінде келеке болып, байшылдықпен күресу деген далбаса саясатты да біз басымыздан өткердік.

Иә, сонымен кедейдің бай болуы құптарлық іс, ал байдың құдай болуы ше? Міне, қауіп, қатер осы тұстан басталмақ. Абай айтады:

Адам – ғапыл дүниені дер менікі,
Менікі деп жүргеннің бәрі, Оныкі,
Тән қалып, мал да қалып, жан кеткенде,
Сонда, ойла, болады не сенікі?
(Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы.
– Алматы «Жазушы», 1995. – Т.1: Өлеңдер мен аудармалар. 25-6.)

Дүние адам байлығы ғана емес. Адам дүниеге «қонақ», олай болса неге Құдай болмақ ниет бар. Осы ниет әлемдік экономикалық және қаржы дүниесінің дағдарысының басты себебі, Роберт Манделлдың айта алмай отырғаны, сірә, осы болуы керек. Өткен жылы Түркияның Анталия қаласында халықаралық экономистер Форумы өтті, сондағы баяндамалардың дені дағдарыс себебі адамның нәпсісінде (орысша «жадность») деген пікірге тоқталды.

Адам қаншама кемелденгенмен, Құдай бола алмақ емес. Жар жағасы деген, жамандықтың жағасы деген бар, бай адам жар жағасында, жаманшылықты бір аяғымен басып тұр, одан құтылу жоқ, сен үнемі жар жағасыңда, жамандық сенен қалмақ емес, себебі сен адамсың, мұсылмандық түсінікте, пендесің. Абай айтқандай, «байлық дүние кірі, ол осы дүниеде қалмақ». Сонда қалай болмақ? Экономика дегеннің өзі не? Ресей телеарнасында Владимир Соловьев (26.05.2013) белгілі банкир Герман Графпен сұхбаттасқанда, банкир «экономика – симфония» деген түсініктеме ұсынып, соны өзінше дәйектеді. Әрине, ұқсас экономика – симфония. Олай болса, экономиканың өнер болғаны ғой. Экономиканы өнер деп түсіну әлем қаржыгерлерінде, аса ауқаттыларда бар түсінік пе? Егер бар болса, экономика өнер болса, нағыз өнер субстанциясы – ар (совесть). Ар өлшемсіз өнер атаулының болуы мүмкін емес, және бұл талас тудыратын түсінік емес, аксиома. Биік өнер тек қана арға сүйенеді, соны негізге алмақ, демек экономика мағынасы Ар ұғымымен анықталмақ.

Екінші «Э» – энергия дегеніміз не, ол қуат алу технологиясы, яғни қуат алу да Арлы іс болуы керек. Қалай да қуат (энергетика) көзіне жетпекпін деп, «лас» технология қолданылса не болмақ. «Жасыл энергия» деген идея бұзылмақ.

Үшінші «Э» экология туралы мәселе тым ауыр. Елбасы Стратегияда жетінші қауіп деп «Үшінші индустриялық революцияны» айтты, ол не?

«Үшінші өндірістік революция» және «Үшінші индустриалдық революция» – бұлар постиндустриалды қоғамның арналары. Ертеректе американдық ғалым Даниел Белл «Постиндустриалды қоғам» деген концепция ұсынған.

Үшінші өндірістік революциясының авторы, келешектегі постиндустриалды қоғамның моделін ұсынушы американдық ойшыл Джерими Рифкин өзінің «Үшінші өндірістік революция» деген идеясында бес инновациялық қағиданы (столп) айтқан.

1-ші қағида

2020 жылы Евроодақта энергия алу көзі 20 пайызға жаңартылады.

2-ші қағида

Энергияның көздері кеңістіктің әрбір квадрат сантиметрінде (мұнай, уран, газ әлемнің барлық жерінде жоқ сондықтан күнді, желді, геотермальді жылуды пайдалану, мусорды өңдеп био-массаға айналдыру). Ғимараттарға күн батареялы шатырлар орнату. Бұл құрылысты дамытып, жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді.

3-ші қағида

Энергия жинау. Күн үнемі болмай қалуы, жел үнемі соқпауы мүмкін. Сол кезде энергияны жинау, әлемнің базалық элементі водородты пайдалану.

4-ші қағида

Интернетпен байланысты. Энергияны интернет арқылы тасымалдау.

5-ші қағида

Электр желілерден зарядталатын автомобильдер.

«Эпоха дешевого топлива завершилась. Экономический рост, основанный на ископаемых природных ресурсах, достиг своего предела. Лишь с наступлением «солнечной эры» появится надежда спасти опустошенную планету» (Мартин Йенике, Клаус Якоб. Третья индустриальная революция // IP. Сентябрь-октябрь, 2008).

«Әуелгі индустриалды революциялар да саяси реттеу қызметтері мен мүмкіндіктерін ауыстырып отырды. **Либералды тәртіптегі мемлекет – бұл алғашқы индустриалды революцияның нәтижесі.** Екінші революция нәтижесінде **әлеуметтік мемлекет** ойлап табылды, және осыдан бері мемлекеттік басқарудың экономикалық және әлеуметтік-саяси міндеттері саяси жүйенің басты қызметіне жата бастады. 1970-ші жылдардан бастап индустриалды дамыған елдерде және 1990-шы жылдардан бастап жаһандық деңгейде мемлекеттің жаңа негізгі қызметі пайда болды – бұл өмір сүрудің табиғи негіздерін қорғау. Бұл қызмет көптеген елдердің конституциясында бекітілген, бірақ көбінесе әлсіз формада. Дамыған елдер және Еуроодақ «экологиялық мемлекетке» маңызды қадамдарын бастап үлгерді, бұл партиялық спектр мен қоғамдық ұйымдар құрылымының өзгеруінен көрініс тапты. Мысалы, қазір Германиядағы экологиялық ұйымдар мүшесінің саны кәсіподақ мүшелерінің санымен бірдей.

Экология субстанциясы – ізгілік. Олай болмағанда экологияның мағынасы ашылмақ емес. Әдетте экологияны қоршаған ортаны қорғау дейді, мүмкін солай-ақ шығар, меніңше, экологияның басты объектісі **адамның өзі, оның ізгілік философиясы**, ол болмаса, ондай адам өзіне ғана емес, өзгелерге, табиғатқа қауіпті. Сондықтан **экологияны адамның жан ізгілігі, яғни ары** деп түсінген жөн. Михаил Лермонтов пен Абайлар арды осы мағынада түсінген.

Енді осы принципті қоғамға қатысты қолдансақ, акме-қоғам идеясына тоқталмақпыз. Сонда Адам, табиғат, қоғам тұтастығы туралы сөз болмақ. XX ғасыр гуманисті Альберт Швейцер (1875–1965) былай деп еді: «Ошибкой всех существующих этик было мнение о том, что надо рассматривать отношение человека к человеку, когда в действительности речь идет о том, как относится человек ко всему, что его окружает».

Ол сонымен бірге, Еуропаның ешбір ойшыл айтпаған, анығында мойындалмаған жайды жайып салған еді, ол Альберт Швейцердің отаршылдар жаулап алған Африка халықтары алдындағы еуропалық ретіндегі кінәлі сезімі, олай болса оларға ақысыз-пұлсыз қызмет ету Ар ісі дегені, акме-қоғамның іргетасы боларлық дүниетаным. Мен акме-қоғам туралы «Егемен Қазақстан» бетінде арнайы үш мақала жариялап едім, олар: «Акме-қоғам – «Нұқ кемесі». (27.02.2009); «Акме-қоғам болмысы» (18.03.2009); «Астана – акме-қоғам символы» (30.06.2009).

Айтарым, акме-қоғам деген социалистік санадан тыс жаңаша ойлау.

Жасыл экономика дегеніміз адамша өмір сүру десек, онда экономика өнер болса, ол ұят-арға бағынышты болса, дұрыс болғаны, ал бұл мәселе есепке алынбаса толассыз нәпсі экономиканы әлі талай жарға жыға береді, жыға береді. Ол адамзат есін жиып, экономика ар арқылы анықталмақ деген түйінге келгенде, яғни бай Құдай болам деген ниеттен бас тартқан кезде ғана болмақ.

«Қазақ елі» пәні және «Қазақ елі» Бағдарламасы туралы ҚР Білім және ғылым министрлігіне айтар ұсынысым:

Қазақ елі Елбасының абсолюттік инновациялық идеясы. Оның үш деңгейі бар.

Бірінші деңгей «Қазақ елі» пән ретінде мектептерде (қай сыныпта оқыларын мамандар анықтауы керек).

Екінші деңгейде жоғарғы оқу орындарында (студенттерге) **«Қазақ елі философиясы».**

Үшінші деңгейде Бағдарлама ретінде Қазақ елінің өткенін, бүгінін және келешегін жан-жақты зерттеп, талдап, мемлекет, қоғам, саясат, мәдениет, білім, ғылым т.б. салалардың қажеттіліктеріне нақтылы нәтижелер ұсынып отыру мақсатында қызмет атқаратын **«Қазақ елі» атты жаңа инновациялық институтын ашу керек.** Бұл жаңа идеяны бұрынғы кеңес кезінде қалыптасқан институттар алып жүре алмайды. Олар, өкінішке орай, ескі кеңестік идеология ағымында құрылған. Сондықтан солардың бірнешеуінің басын біріктіре отырып, жаңадан қосымша шығынды қажет етпейтін **инновациялық институтты Астанада ашу қажет.**

Қазақ елі, Елбасын толғанып жүрген идеясы. Ол «Қазақ елі» монументінде, «Мәңгі ел» кешендерінде шешімін тапты. Астананың өзі Қазақ елінің инновациялық идеясы. Қазақ елі деген не? Қазақтар кімдер, қазақ болу деген не? Қазақ елі қашан басталады? Қазақ елінің мазмұны не? Оның бүгіні не, ертеңі не деген мәселелер Президенттің «Қазақстан – 2050» бағдарламасынан орын тапқан идеялар.

Жаңа инновациялық институттың мақсаты – оқулықтар, монографиялар жазу, зерттеулер жүргізу, әр түрлі деңгейдегі ғылыми конференциялар, симпозиумдар, дөңгелек үстелдер өткізе отырып, Қазақ елінің бүгіні мен келешегін кең көлемде насихаттау, бұқараның қоғамдық-саяси, мәдени-өркениеттік белсенділігін кемелдендіру, азаматтардың елге деген патриоттық сана-сезімін толассыз жетілдіру.

Социалистік, маркстік-лениндік санадан арылу заманы әлдеқашан туған. Бұл инновациялар дәуірі. Схоластика, софистика дегендерге орын жоқ, қай істе болмасын прагматизм қажет, құнсызданған, күні өткен пәндерден арылып, жаңа мағынаға ие болған пәндер және отандық ғылыми зерттеу институттары жаңарып, модернизацияға түсіп, іске кірісу заман талабы.

Елбасы отандық ғалымдардан, зиялы қауымнан осыны күтуде!

Дата поступления статьи в редакцию 1.02.2014